

Кітап оқудың цифрлық форматы


жастардың қызығушылығын тудыруды

Бұгінде жастар арасында кітап оқу мәдениеті ертурлі бағытта дамып келеді. Жаңа технологиялар мен цифрлық мәдия кеңінен таралған заманда кітап оқу әлі де маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Жастар кітап оқу арқылы өздерінің білім корларын кеңейтіп, рухани дамуларына, шығармашылық ойларын үштауға мүмкіндік алады.

Кітап оқу мәдениетінде бәсекелес-тік тудырып жатқан ең маңызды фактторлардың бірі – цифрлық форматтағы кітаптар. Электронды кітаптар мен аудио кітаптар жастар арасында аса танымал. Смартфон мен планшеттер арқылы оқылатын кітаптардың ерекшелігі, олар кез келген жерде және кез келген кезде оқуға немесе тыңдауға мүмкіндік береді. Мұның езі жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын оятады.

Жастар арасында фантастика, фэнтези, жастардың әдебиеті және психология жанрлары жоғары суралысқа ие. Көптеген жастар негұрлым эмоционалды, есептің және қызықты сюжеттерді оқуға құмар. Бұлға таңда Гарри Поттер, Сумерки, Рик Риоридің «Перси Джексон» шығармалары сияқты классикалық әдебиеттермен қатар, жаңа авторлардың туындылары да жылдам танымалдылықта ие болуда.

Ең бастысы, кітап оқудың мәдениеті өзгеруде. Бұрын кітапты тек қана білім үшін емес, сонымен қатар бос уақытты өткізу үшін де оқитын болса, қазіргі жастар оқуды көп жағдайда көніл көтөрү, релаксация, езін-еzi дамыту



және өлеуметпен байланыс орнату тәсілі ретінде қабылдайды. Көптеген жастар өлеуметтік желілердегі кітап оқу тәжірибелерімен белісіп, пікірлер жазып, оқыған кітаптары туралы ойларын ортага салады. Бұл, ез кезеңінде өзгелердің де қызығушылығын тудырады.

Қазіргі жастардың дүниежүзілік әдебиетке қызығушылығы артып келеді. Батыс пен Шығыстың үздік классикасы, заманауи жазушылардың туындылары қазақ оқырмандары арасында жоғары бағаланады. Жастардың сыртқы өлеммен байланысты арттыруға құштарлығы, Қазақстанның шығармашылық ортада да жана идеялар мен концепциялар қалыптастыруына ігі есерін тигізіп отыр.

Жастардың кітап оқу мәдениетін дамыту үшін мектептердің жоғары оқу орындарының, қоғамдық кітапханалар мен әдеби клубтар секілді мекемелердің рөлі үлкен. Білім беру үйимдары жастарды кітап оқуға ынталандырып, түрлі әдеби шаралар, кітаптануға арналған чемпионаттар үйимдастырылуы тиіс. Сондай-ақ, жергілікті жазушылар мен ақындардың шығармашылығын таныстыру – жастардың қызығушылығын арттырудың тиімді тесілдерінің бірі.

Қазіргі жастар кітап оқуға қызығушылық танытып, түрлі форматтар мен жанрлардағы шығармаларды зерттейді. Оқыған сайын олар өздерінің дүниетанымдарын кеңейтіп, рухани байлығын арттыруды. Кітап – білімнің, кілті, мәдениеттің айнасы және жастар үшін жаңа идеялар мен құндылықтарға жол ашатын сара жол. Сондықтан кітап оқу мәдениетін дамыту – біздің ортақ міндеттіміз.

Қасиет СЕЙТЖАН,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
3-курс стүденті.